



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№28 (10 179)

21 шілде

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ АҚСУ ЖЕРІНДЕ



қоймасымен танысты. Суармалы жерлердің алқабын үлкейту, қант қызылшасы алқаптарын ұлғайту алдағы үлкен міндет. Сол себепті бұндай нысандардың маңызы зор.

Сонымен қатар, Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттары аудандық мәслихат депутаттармен кездесіп, жалпы атқарылып жатқан жұмыстар жайын, қабылданған жаңа заңдар туралы ақпаратпен бөлісті.

Келелі жиында аудандық депутаттар білім, денсаулық сақтау, ирригация, ауылшаруашылығы салалары бойынша сұрақтар көтеріп, аталған мәселелер жайлы ойларымен бөлісті, ел ағалары көтерілген әр мәселені жете зерттеп, барынша қолдау көрсететіндерін жеткізді.

Кездесуден соң депутаттар Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясына барып, білім ордасының жұмысымен танысып, мектептің жай-күйін көріп қайтты.

Өз тілшімізден.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің депутаттары Ақсу ауданына жұмыс сапарымен келді. Иә, айтқанымыздай депутаттары. Бір ғана халық қалаулысы емес ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаев ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Амангелді Ғабдулкерімұлы Толамисов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері Ержан Алмабекұлы Бейсенбаев пен Наурыз Саятұлы Сайлаубай, Жетісу облыстық мәслихат төрағасы Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева келді.

Ел ағалары алдымен Қызылағаш су қоймасына барып, сала мамандарымен жүздесіп, пікірлесті. Жаңадан қайта салынған Қызылағаш су



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, Б.СЫРТТАНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2023 жылы 16 шілдеде Ақсу ауданы, Б.Сырттанов ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ақсу аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес ауылдық округтер әкімдерін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларына сәйкес сайлау нәтижелерін анықтады:

Б.Сырттанов ауылдық округі әкімін сайлау бойынша:

Округ бойынша сайлаушылар тізіміне 671 азамат енгізілді, оның 73,6% дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны - 12, «бөріне қарсы» - 4.

Өр үміткерге берілген дауыстар саны:

Ермұханбетов Б.Т – 49%; Серік У.С – 0,6%; Сүлейменов Ә.Б – 50,4 %;

Б.Сырттанов ауылдық округінің сайланған әкімі Сүлейменов Әділжан Бақытжанұлы, 1983 ж.т., Егінсу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман есепшісі, Ақсу ауданы, Б.Сырттанов ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

Ақсу аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 45-бабына сәйкес 2023 жылғы 17 шілдедегі шешімімен сайланған Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округі әкімін 2023 жылғы 17 шілде айында тіркеді.

АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

СООБЩЕНИЕ ОБ ИТОГАХ ВЫБОРОВ АКИМА Б.СЫРТТАНОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА, АКСУСКОГО РАЙОНА, ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Аксуская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акимов сельских округов Аксуского района установила итоги выборов:

По выборам акима Б.Сырттановского сельского округа:

В список избирателей по избирательному округу включено 671 граждан, из них проголосовали 73,6 %. Число бюллетеней недействительных – 12, с отметкой в строке «Против всех» - 4.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Ермұханбетов Б.Т – 49 %; Сериков У.С – 0,6 %; Сулейменов А.Б -50,4 %

Избран акимом Б.Сырттановского сельского округа Сулейменов Адилжан Бақытжанович, 1983 года рождения, главный специалист бухгалтер Егінсуского сельского округа, проживает в селе Б.Сырттанов, выдвинут путем самовыдвижения.

Аксуская районная избирательная комиссия в соответствии со статьей 45 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением от 17 июля 2023 года зарегистрировала 17 июля 2023 года избранного акима Б.Сырттановского сельского округа Аксуского района.

АКСУСКАЯ РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.

Қыстың қамын жазда ойла

Алдағы 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын-ала жаз-күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІ МЕКЕМЕСІ.

БАСПАСӨЗ - 2023

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылдық жазылу бағасы - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ



Алғашқы сөзді алған Төлеуов Әлібек Қуатұлы орталықтың аты айтып тұрғандай дін саласындағы мәселелерді зерттеу мен оңалтудың жолдары туралы тоқталып, дінтанушы маман Нұртай Жұмақали «Дәстүрлі емес діни ағымдардың қоғамға қауіптілігі» яғни, деструктивті діни ағымдардың зияны жайында, жалпы дін саласы бойынша кеңінен түсіндіріп берді.

Жиынға жиналған көпшілік өздерінің ойында жүрген сауалдарын қойып, дінтанушы мамандардан қанағаттанарлық жауаптар алып, діни сауаттарын ашты.

Ербол СЫМХАНОВ.

«Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы» ММ «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығы» КММ – нің ақпараттық - түсіндіру бөлімінің бастығы Төлеуов Әлібек Қуатұлы мен ақпараттық - түсіндіру бөлімінің дінтанушысы Нұртай Жұмақали ауданымызға келіп, аудан тұрғындарымен кездесіп, «Дәстүрлі емес діни ағымдардың қоғамға қауіптілігі» тақырыбында кездесу өткізіп, ауданның діни ахуалын анықтау мақсатында сауалнамалар алды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы жүргізді.



Лагердің тыныс - тіршілігі

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының тапсырмасымен аудан әкімінің орынбасарлары Сабырбаев Амандос Ақышұлы Жансүгіров ауылдық округіне, Есжанов Ғазиз Отарбайұлы Матай ауылдық округіне, Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы Қапал ауылдық округіне жауапты болып бекітілген. Аудан әкімі барлық ауылдық округтерді аралап көріп, жағдайларымен танысып, аталмыш үлкен округтердің мәселесін шешуді орынбасарларына жүктеді.

Жақында Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы Қапал ауылына барған іс - сапарында ауылдың барлық мәселелерін тізімдеп қайтты. Соның ішінде өз саласына жақын «Тамшыбұлақ» тынығу лагеріне арнайы кіріп, балалардың қалай демалып жатқанын көзімен көрді. Лагерь асханасына кіріп, тендер бойынша ұтып алған кәсіпкерлермен танысып, ас мәзірін қарады.

Лагерьде осы кезеңде елу бала тынығып жатыр. Біз барғанда балалар түскі демалыстан тұрып жатыр екен. Лагерь басшысы, мектеп директоры да біз барғанда сол орыннан табылды. Лагердің жұмыс жоспарын қарап шықты. Сол күнгі жоспарда спорттық ойындардан жарыс өтеді екен. Ал, негізгі жоспарда ауылдағы «Ақын Сара» атындағы мұражайды, ауылдың киелі орындарын, «Тамшыбұлақ» бұлағын аралау, әртүрлі спорттық ойындар бар екен. Балалармен әңгімелескен Күләйхан Тұрсынбекқызы олардың лагерьге ризашылығын байқады. Әр ауылдық округтен келген балалар бір - бірімен танысып, достасып үлгеріпті. Әр күндері көңілді өтіп жатқанын айтты.

Е.ӘБДІКӨРІМҰЛЫ.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАРШАҒА МІНДЕТ!



Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық заманауи қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Ол үнемі терең зерттеуді, белсенділікті және оған қарсы тұруды қажет етеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық не керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің не керек, халықтың көңілі толмаса», - деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы індетпен күрес бойынша арнайы кеңес өткізіп, сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өткен болатын. Мемлекет басшысы «заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек», - деп өз сөзінде айтқан. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де мемлекет басшысы айтқан тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Д.СҰЛТАНОВА,
Ақсу аудандық сотының кеңесінің бас маман - сот отырысының хатшысы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – болашақ кепілі



Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамуы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алды-

мен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс - тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбіразаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ж.РАХИМОВ,
мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Аудандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында аудандық Қоғамдық кеңес отырысы өтті. Оған округ әкімдері, мекеме басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, ақсақалдар алқасы, «АМАНАТ»

партиясының аудандық филиалы, округтердегі қоғамдық қауымдастықтардың төрағалары мен мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты.

Отырыстың модераторы кеңес төрағасы Ф.Мұсабалинов болды.

Ойтоған және Қапал ауылдық округтерінің әкімдері В.Берікова мен Ж.Жарылқасын өздерінің құзыреттері мен функцияларын орындалуы туралы және мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша есеп берді.

Артынша жергілікті полиция қызметінің басшысы А.Қабаев атқарылған жұмыстар легімен таныстырды.

Аудандық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы, Жансүгіров ауылдық округінің қауымдастық мүшесі Бағлан Нарышева аудандық Қоғамдық кеңестің келесі отырысы алдында ауылдарды аралап, ауылдағы мәселелерді өзіміз анықтап, осы арада соларды шешудің жолдарын қарастырғанымыз дұрыс. Әйтпесе «Күлтөбенің басында күнде жиын...» Бұдан қандай нәтиже шығар екен? дейтін әңгіме ғана шығады деген ұсынысын айтты.

Жиын соңында қоғамдық кеңес шешімі шығарылып, ауыл әкімдеріне бірқатар тапсырмалар берілді. Ал, шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелді.

ЖАҢА ӘКІМ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Б.Сырттанов ауылдық округіне сайланған жаңа әкім ауыл тұрғындарына таныстырылды.

2023 жылғы 16 шілде күні Б.Сырттанов ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. Елді мекендер тұрғындары белсенділік танытып, сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауын жасады.

Учаскелік сайлау комиссияларының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларының негізінде аумақтық сайлау комиссиясы сайлау қорытындысын шығарды.

Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Б.Сырттанов ауылдық округінің сайланған әкімі Әділжан Бақытжанұлы Сүлейменовты тұрғындарға таныстырды.

Аудан әкімі ауылдық округ әкіміне міндеттерін нақтылап, алдағы мақсаттарын айқындап, қызметіне табыс тіледі.

Сүлейменов Әділжан Бақытжанұлы - Қызылту ауылы, Ақсу ауданы, Талдықорған облысында 1983 жылы 28 шілдеде дүниеге келген.

1990 жылы Қызылту ауылы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебінде білім алып, 2000 жылы орта мектепті аяқтаған.

2000 жылы Алматы қаласындағы Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық Университетіне түсіп, 2006 жылы «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алған.

2008 жылдан бастап ТОО «KOTTER GROUP» компаниясында генеральный директор қызметін атқарған, 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап «Ақсу ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман, 2018 жылдың қаңтарынан Ақсу ауданы «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман есепшісі, 2021 жылдың тамыз айынан «Егінсу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман есепшісі қызметін атқарған.

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында тұрғындар денсаулығын сақтау жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Аталмыш жиында ауданның туберкулез ауруы бойынша эпидемиологиялық жағдайы және аталмыш індетке қарсы қызметтің 2023 жылдың 6 айда атқарылған жұмыстардың қортындысы қаралды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары, аудандық туберкулезге қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрайымы К.Дәулетбекова ашып, жүргізді.

Ақсу аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы С.Айтмурзанов пен туберкулез бөлмесінің меңгерушісі М.Мадалимова баяндама оқыды.

Жиынға қатысушыларға өткен жылмен биылғы жарты жылдықтың салыстырмалы статистикалық мәліметтері таныстырылды.

ҚАРАҚҰРТТАН ҚОРҚАНЫП ЖҮРЕЙІК



Қарақұрт – өте улы, далалы, шөл-шөлейтті жерлерде мекендейді. Қарақұрттың уы жылан уынан 15 есе күшті. Денесі шағын. Түсі қара, құрсағында қызыл дақтары бар. Бірнеше көзі барына қарамастан олардың көру қабілеті нашар. Тек заттың түсі мен қозғалысын ғана ажырата алады. Әсіресе ұрғашы қарақұрт улы болып келеді. Оның уы түйе мен жылқыны да өлтіріп жібереді.

Қарақұрт шаққан адамның 10-15 минуттан кейін іші мен кеудесі қатты ауырады. Аяқтарының жаны кетіп, құрысып қалады. Басы айналып, құсқысы келуі мүмкін, терісінде қызыл дақтар пайда болады. Дер кезінде жедел жәрдем көрсетілмесе, қарақұрт шаққан ересек адам 7 күннен кейін, ал балалар 5 күнде өліп кетуі мүмкін.

Әсіресе жаз айында қарақұрттар тым белсенді болады. Бірақ олар өздігінен адамға шабуыл жасамайды. Сондықтан қарақұрт бар-ау деген далалы жерлерде абайлап жүрген жөн. Табиғат аясына демалуға барғанда өрмекші торы, қандай да бір жәндіктердің іні жоқ жерлерді таңдауға тырысу керек.

Киімге де мән берген дұрыс. Қарақұрт болуы мүмкін деген жерлерге ашық-шашық киініп баруға болмайды. Жеңі ұзын киім кию керек. Аяқ киімінің де жабық болғаны дұрыс.

Қарақұрт шағып алған жағдайда не істеу керек? Егер адамды қарақұрт шағып алса, ауруды басытын дәрі және көп мөлшерде су ішу керек, сонда у ағзадан табиғи жолмен шығарылады. Көрініп тұрған жараны қолда бар құралдармен: құрамында спиртті бар заттармен немесе сүтегі тотығымен залалсыздандырып жөн. Сонымен бірге жарақат алған адамды міндетті түрде токсикология бөліміне жеткізу керек. Мүмкіндігінше уақыт өткізіп алмаған жөн. Дәрігерлер қарақұрт шаққан орынды күйдіруге, кесуге немесе улы сорып шығаруға рұқсат етпейді. Мұндай жағдайда жарақат алған жерге инфекция түсуі мүмкін, ондайда уланған адамды инфекция түсуден де емдеуге тура келеді.

Қауіпті жағдайларға ұрынбас үшін далалы жерлерге барғанда сақтық шараларын барынша жасап жүргеніңіз дұрыс.

1 шілдеден бастап АХАТ функциялары «Азаматтарға арналған үкіметке» берілді.

Жетісу облысы бойынша филиал директорының орынбасары

АХАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ ӨЗГЕРТІЛДІ

ры Омаров Абзал Сапарғалиевич жас жұбайлар мен жаңадан атана атанған азаматтарды айтулы күндерімен құттықтады. Оларға Мемлекеттік корпорацияның елтаңбалы мөрі басылған неке және баланың туу туралы куәлігі берілді. Сондай-ақ, қызмет алушыларға құттықтау хаттары мен кәдесыйлар табыстал-

ды. Бұл акция еліміздің барлық өңірлерінде өткізіліп жатыр. АХАТ функциялары көшірілгенмен қызметтерді беру тәртібі өзгертілмейтіні атап өтеміз. Некені бұрынғыдай тіркеуші органның бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Сондай-ақ, азаматтар өтініш берген кезде некені салтанатты түрде өткізуді таңдай алады. Естеріңізге сала кетейік, некені тіркеу тариф құны 3874 теңгені құрайды, ал туу туралы куәлік тегін беріледі



Бетті әзірлеген: Ербол СЫМХАНОВ.

АҚСУ АРЫСТАРЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Аса қадірлі, қымбатты ағайын – туыстар, құда – жегжаттар. Нұрсейіт аға мен Тұрар апайдың өмірден өткендеріне ұзақ уақыт өтсе де, ұрпақтарының ата - анасын сағына естеріне алып құран бағыштатайын деп жайған киелі дастарқанына хош келдіңіздер.

Бақыт айтқандай анасы жағынан ет жақын туыстарының үлкені мен едім. Бірақ жасымның ұлғайғандығына байланысты орталарыңызда бола алмайтындығыма қарай Сіздерден кешірім сұрай отыра, Иманғали әулетіне деген ізгі тілектерімді қағаз бетіне түсіріп жолдауды жөн көрдім. Егер ұрпақтарының біреуі Сіздерге оқып берсе, қабыл алуларыңызды өтінемін. Өткенді ойлап отырсам, Нұрсейіт аға мен Тұрар апайым екеуі де өмірде өте қарапайым, салмақты, сабырлы, үлкенге құрметпен кішіге ізетпен қарайтын, ағайынға бауырмашыл, құшақтары ашық, пейілдері таза, ниеттері түзу, өзара сыйластықтары ерекше, біреуі түзде, біреуі үйде адал тынымсыз еңбек иелері еді. Адамгершілік пен адалдықты туғып тіккен, текті адамдар еді. Мен Қарасу жеті жылдық мектебінде оқығанда, мектеп директоры Нұрсейіт аға еді, ал мен жоғарғы оқу орнын бітіріп келгенде Ақсу сегіз жылдық мектеп интернатына аға тәрбиеші қызметіне келгенімде қайтадан ағаның қасынан табылдым. Мінеки мен өмір жолымда аға тәрбиесін көп көрдім. Бойымдағы еңбекқорлықты ағадан қалған қасиетке бағамдаймын.

Тұрар апайым нағыз қазақи тәрбие көрген келін болды, Қапыш ата мен Биша енесін езінің туғанындай ерекше құрметтеді, балаларын сол кісілердің тәрбиесіне берді.



Өзі үй шаруасымен еш алаңсыз араласты, ол кісінің жайған дастарханына ол кезде Ақсуда тең келер ешкім болған жоқ. Шіркін апайымның пісірген бауырсағының өзі неге тұрушы еді.

Ата - анасының тәрбиесін көрген балалар ақылды, білімді, инабатты болып ер жетіп, отбасын құрып, бәріде аллаға шүкір бақытты өмір сүріп жатыр. Мен танытқан Иманғали әулеті ауданнан асып, облысқа әйгілі. Себебі бір күйеу баласы Шығанбаев Қалмұрат (Гүлбаршынның зайыбы) партком секретары, біреуі Байсейітов Қанатқан (Нүкеннің зайыбы) мектеп директоры, соңғысы Қауранбеков Жұмабек (Күлмәннің зайыбы) – жұмысшылар комитетін басқарды. Бір әулеттен осыншама басшылар шығу өте сирек кездесетін құбылыс.

Нұрсейіт аға мен Тұрар апайымнан тараған ұрпақтардың бәрін жанымдай жақсы көремін. Света – сенің орнын мүлдем бөлек. Сен алғашқы қуанышсың ғой. Сәулет, Бақыт, Бауыржан, Мейрамгүл, Нұргүл, Айгүл бәріне

де ризамын, араласа алмасамда, ұлғи амандықтарыңды тілеймін.

Елде, ауылда жүрген Бақытпен жиі хабарласып, амандықтарыңды біліп отырамын. Кезінде Нүкен ағамен жиі араласатынмын.

Бәріңе бақыт тілеймін, аман - сау ұрпақ өсіріп, Иманғали әулетінің туын желбіреті беріңдер.

Нұрсейіт аға мен Тұрар апайымызға арнаған құран қабыл болсын, орындары жұмақтың төрінен, имандары сәләмәт, бәтиха бізден, рахым Алладан болсын деп тілеймін.

Қымбатты Халайық! Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман - есен болсын. Әділетті Қазақстанды құру жолында қиындық кездесе сабырлық жасап, жақсылық кездесе шүкіршілік жасап, бақытты тыныш өмір кешіңіздер.

Хош сау болыңыздар.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ақсу ауданының "Құрметті азаматшасы" Ажар апа!

● МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНА!

"ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ" ЕКЕНІН ЕШ УАҚЫТТА ҰМЫТПАЙЫҚ!

Ана тілім – ардақты,
Ана тілің – арың бұл.
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

Қ.МЫРЗАЛИЕВ.

Күллі әлемдегі ең қарапайым, бірақ ұлы әрі ғажайып құбылыс – адам баласының сөйлеу құралы, оның тілі. Бұл бағымызға қарай Алла дарытқан қабілет адамзатқа біткеннен күні бүгінге дейін адамзат айнасына, өмірдің ұлы қаруына айналды. Оның астарында әрбір халықтың тарих сарының ізі, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық даналық қайнары, рухы, мұрасы мен өнегесінің қыры мен сыры жатыр. Демек, адамның, тіпті, тұтас халықтың сыр – сипатын, рухани әлемін тілі айқындайды. Соның өзінде бұл құбылыстың негізгі маңыздылығы адаммен адамды байланыстыруында, жүрекке жылы, көңілге жағымды және ғибрат мәнді сөз арқылы сезіммен үйлестіріп, араларындағы адал құрметтің артуына әсер етуінде. Яғни, байқап қарасақ, адамның бойына сіңірілген қабілеттер ерқашанда адамға жақсылық жасау, тек ғибратты әсер ету мақсатында жұмсалып қажет. Сонымен тілді адамзат өмірінің іргетасы десек те, әбестік болмас. Сол үшін де: «Тілдің қастерлігі – біздің ғұмырымыздың, келешек тағдырымыздың жарқын мысалы», – деген әрбір көзі ашық азаматтың көкейінде болуға тиіс.

Әр ұлт өзіндік тілімен, халқымен үндес мәдениетімен туған тарихымен, төл әдебиетімен және тағы басқа саф алтындай құндылықтарымен ерекше. Осындай байлықтардың айбыны сол халықтың айдыны деп те айтуға болады. Осыларды біріктіріп, біртұтас етіп бүгінгі таңға дейін сақтап келген ұлы құбылыс – ана тілі. Менің ұлтым болса – күннен күнге гүлденіп бара жатқан қазақ ұлты, біздің ана тіліміз қазақ тілі. Егер, Қазақстан "Мәңгілік Ел" деген мұратына қол жеткізгісі келсе, өз тілін, салтын өмір бойы сақтауы керек. Себебі, тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, ескең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып өмір сүреді. Сол себептен де, қазақтың пәк абыройын, жігерін, қандай ел екенін бүкіл дүниежүзіне жария етейін десек, қазақ тілімізді құрметтеп, сол арқылы алға жылжуымыз жөн. Жалпы қазақ тілі – өте бай тілдердің бірі. Мыңдаған әдеби шығармаларымыз, жыр – өлеңдеріміз бар. Біз үшін, ана тіліміз халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Тіл жойылса, ұлт жойылады. Сондықтан да халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра, еліміздің бүкіл тарихы, іргетасы да. «Ұлттың қуанышы тілінде», – деген мақалды бекер айтпаған шығар...

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыр мен болашағы Елбасын аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол – ұлтымыздың анасы», – деген сөзі бар. Ал, кейінгі 2005 жылғы Жолдауында айтылған «Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басшы факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш – жігерімізді жұмсауымыз керек», – деген уәжінде қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр және де осы жылғы "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру үшін, тілімізді толық меңгеріп, еліміз күн сайын барлық бағытта кемелденуде.

Қазіргі уақытта әлі де болса тіл халық санасына толығымен сіңбеген. Бұндайға жол жоқ! Сондықтан біз, жас ұрпақ, оның қарқынды дамуына елдің сана – сезіміне махаббатпен сіңуіне аянбай өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Ол – мәңгілік парыз.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез - келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған аңдай сүю.

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнін, – деп С.Торайғыров ағамыз жырлап өткен. Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Мысалы: "Өнер алды – қызыл тіл", "Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады", "Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар" сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірімізге азық етеміз. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Ана тілі – ең басты байлығымыз. Менің тілім - ең ұлы мен тамаша тіл. "Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі," – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтанш сезімі болуы керек. Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайды.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеруі тиіс.

Мен ана тіліммен мақтанамын және шексіз құрметтеймін!

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ,

ЖШС аудандық «Ақсу өңірі» газетінің директор – бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНА!

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Туған тілдің абыройын асқақтату — әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт -санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсеңнің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұовтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, тәрбие тілден басталады дейді. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымының, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге



асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл ақылдың – өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс - әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құлтарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі –

ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгірт. Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Г.ЖИЕНБАЕВА,
аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.

АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!



Атығай АРЫСТАНОВ,
Құрметпен, Жетісу облысы
ПД бастығы.

Алаяқтардың айла - амалдарына адамдардың жас және ұлт ерекшелігіне қарамастан барлығы сеніп қалып жатыр, өкінішке орай, олардың арасында қарт кісілер де бар. Жақында интернет-алаяқтыққа жасалған талдау көрсеткендей, көп жағдайда жәбірленушілер өз туыстарын қылмыстық жауапкершіліктен «құтқару» үшін ақша аударады. Айдың басынан бастап осындай 13 факт тіркелді. Осы фактілердің көбісінде алаяқтар егде жастағы адамдарды алдап соғып, құрығына түсірген.

Жоғарыда айтылған алаяқтықтардың бәрі бір «схема» арқылы істелген. Азаматтардың ұялы телефондарына белгісіз нөмірлерден қоңырау шалынады, олар өздерін полиция қызметкеріміз деп таныстырып, туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарлайды. Осы жағдайды шешу үшін ақша-қаражатын аударуды ұсынады.

Құқық қорғау органдарының бірнеше рет ескертулеріне қарамастан, біздің сенімді азаматтарымыз алаяқтардың құрбаны болып жатыр.

Құрметті азаматтар, алаяқтарға алданып қалмас үшін мыналарға назар аудару керек екендігін еске саламын:

– ең алдымен, дүрбелеңге түспеңіз және алаяқтардың қойған шарттарын орындауға асықпаңыз;

– егер Сізге белгісіз немесе жасырын телефон нөмірінен қоңырау шалса, абай болу керек. Көбінесе алаяқтар ұялы телефонның «бір реттік» нөмірлерін пайдаланады;

– телефонмен сөйлескен кезде «жедел» уақытта және «өте өзекті» болған соң тез шешу керек деп жатса, сақ болыңыз. Мұндай жағдайларда ешқашан жақындарыңыздың есімін атамаңыз;

– Сіздің туысқаныңыз қай полиция бөлімінде екенін нақтылаңыз, содан кейін «102» кезекші бөліміне қоңырау шалыңыз және бар ақпаратты тексеріңіз;

– ешқашан телефон арқылы өзіңіз жайлы жеке мәліметтерді бөтен адамдарға бермеңіз, қандай адаммен сөйлесіп тұрғаныңыз белгісіз ғой.

Мен барлықтарыңызды қарт ата-аналарыңызға, ата-әжелеріңізге жоғарыда аталған ережелерді күн сайын еске түсіріп отыруға шақырамын, өйткені олар туыстары мен жақындарын қиындықтан қорғау қалу үшін соңғы тиынына дейін бар ақшасын беруге дайын! Сізден басқа ешкім оларды алаяқтардың қазіргі алаңқулықтарынан сақтап қала алмайды! Олардың жинақ ақшасының қауіпсіздігі Сізге ғана байланысты екенін ұмытпаңыз!

● МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНА!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ЖАЙ - КҮЙІ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ТӨҢКЕРІС ҚОҒАМЫНЫҢ ТІЛІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ ҚАЖЕТ?

ғасырында, нейрожелілер мен Chat GPT секілді ақпарат ғасырының жетістіктері бар ғасырда тілімізді қалай қоғамда авторитет етіп ұстап тұра аламыз? Бірге жауап тауып көрейік.

Тілдің қалыпты өмір сүруі оның онтологиялық мәселелерін шешумен ғана қамтамасыз етілмейді. Егер қарастырылып отырған тілде заманауи қоғам мүшелері қабылдайтын татымды мәдениет жасалмаса, онда жетілдірілген грамматиканың болуының өзі тілді дағдарыстан құтқармайды. Тіл тағдыры оның сыртқы байланыстарына – тілдің қоғамдық өмірмен қабыса арабайланысына тәуелді. Қазақ тіл ғылымында осы мәселелер – тіл философиясы шеңберінде зерттелетін, сырттан болып жататын әсерлер ескерусіз қалған. Қазақ тілін дамыту үдерісіндегі келесі стратегиялық адасу осыдан бастау алады. Тіл философиясы шеңберінде тіл контенті, оның мазмұны, сапасы және бұқараның оны үйренуге қажетті тудыру мүмкіндіктері зерттеледі. Қоғам мүшелерінің тілге қатынасы көркем мәдениеттің, бұқаралық ақпараттың, мектепте оқытылуға ұсынылатын білімнің мазмұнымен айқындалады. Бұқараның тілді қабылдауы – тілді қажетсінуі немесе қажетсінеуі, оны үйренуге құлшынысы немесе оған енjarлығы да осы контексте қарастырылады. Тіл философиясын тіл грамматикасынан бөлек, жеке бағыт ретінде зерттеу Батыс ғылымында бұрыннан бар. Кезінде Ф.Бэкон атап өткендей, Англия үшін «мектеп грамматикасынан бөліп алып дамытуды қажет ететін пәндер қатарына жатқызуға барлық негізі бар тіл философиясы» қазақ лингвистика ғылымында географтар аяқ басып көрмеген аумақты белгілейтін ақтандақ сияқты болып қалып қойған.

Мемлекеттік тілді мәртебесіне сай орнықтыру үдерісінде ол тілде жасалған мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігі немесе қабілетсіздігі, ғылыми шығармаларға сұраныстың болуы немесе болмауы, мектептегі білімнің сапасының жоғарылығы немесе төмендігі, таралатын ақпараттың бұқараның назарына ілігуі немесе ілікпеуі мәселелері қазақ тіл ғылымының назарынан тыс қалды. Тілдің қазіргі заманғы жоғары интеллектілі, жан-жақты мәдениетті адаммен арабайланысы, азаматтардың қазақ тілінде таралып жатқан материалдардың – тіл контентінің сапасына белгілі деңгейдегі реакциясының көрінісі болып табылатын психологиялық фактор да ескерусіз қалды. Көркем өнер мәселелерін зерттеушілер жастардың ұлттық өнерден сырттан кетуіне көңіл бөлмеді, оның себептерін ашуға тырыспады, бұл – жастардың патриоттығының кемшілігі деген кінәлаумен шектелді. Қазақ тілінде таралатын материалдардың тақырыптық және идеологиялық аспектілері сарапқа салынбады. Шекаралық межеге жақын тұрған, ғылымдар тоғысында қарастырылуға тиісті зерттеу объектілерінің ішіндегі аса маңыздыларының бірі – тіл контенті, оның сапасы және бұқаралық санаға әсері. Қазақ тілінің контентін тұтынушыға рухани құндылық ретінде қажеттілігін, тілді үйренуге мүдделілік және оған көпшіліктің ынтасы болуын зерттеудің өзектілігі өте жоғары. Қазақ тілінде жасалып жатқан көркем әдебиеттің, беріліп жатқан білімнің, таралып жатқан ақпараттың мазмұны, идеялық бағдарлылығы, ғылыми дәйектілігі және



олардың қазақ тілін мемлекеттік мәртебесіне сай дамыту үдерісіндегі рөлі өлі ашылған жоқ. Тіл үйренуге мүдделіліктің заңды өзгертіп қоюмен немесе биліктің пәрменімен немесе күштеумен емес, тіл контентінің сапасының жоғарылығымен жүзеге асырылатыны қазақ лингвистерінің қаперіне өлі кірген жоқ. Мәселенің осы қырына терең үңіле алмаған қазақ тілші ғалымдары тілді айналысқа енгізу істерін өкімшілікке аударып қойып, өздері сырттай бақылаушы және сынаушы рөлінде қалып отыр.

Тіл контенті дегенде алдымен сол тілде жасалып жатқан көркем мәдениет, әсіресе, өнердің өзге салаларына «құрылыс материал» беретін көркем әдебиет ойға оралады. Көркем әдебиет көлемі жағынан тіл контенті құрауыштарының ішіндегі ауқымдысы ғана емес, халықтың рухани болмысын айғақтайтын, дүниетанымын, эстетикалық сана деңгейін көрсететін фактор, ұлттық мәдениеттің квинтэссенциясы ретінде көрініс береді. Сондықтан тілге қызығу сол тілде жасалып жатқан көркем әдебиетке қызығудан, тіл үйренуге мүдделілік сол тілде жасалып жатқан көркем өнерді игеруге мүдделіліктен басталады. Көпшілікті көркем әдебиетімен баурап алған тіл ғана құдіретті тілге айналады. Бұл тезис өркениетті елдердің тілші ғалымдарына ежелден белгілі. Америкалық зерттеуші Э.Сепир айтқандай, «француз тілін үйренуге адамдар ол тілде оқуға татитын әдебиет болғандықтан құмар». Бұл формуланың қазақ тіліне де қатысты қолданымдылығы дәлелдеуді қажет етпесе керек. Қазақстандықтардың мемлекеттік тілді үйренуіне мүдделілігі ол тіл арқылы түсіп жатқан рухани өнімдердің, соның ішінде, көркем өнер туындыларының бәсекеге қабілеттілігіне, мазмұнының тартымдылығына, рентабельділігіне тікелей тәуелді. Өкінішке қарай, қазақ лингвистері үшін ғана бұл құбылыс сыры ашылмаған тылсым дүние болып қалып отыр. Олардың ойынша, көркем әдебиет туындыларын жасаушы жазушылар лингвистика ғылымынан тәуелсіз әрекет етеді.

Тіл тағдырына ықпал ететін екінші фактор – сол тілде сабақ оқытылатын жоғары және орта мектептегі білім контенті болып табылады. Мектеп – тіл үйрену үдерісіндегі ең маңызды буын. Өйткені, тіл мектепте арнайы бағдарламамен, ұзақ уақыт үзіліссіз, заманауи педтехнологияны қолданып оқытылады. Өзге арналар арқылы үйренген тіл, әдетте тұрмыста түсінісу деңгейінен аспайды. Тек мектептен үйренген тілмен ғана адам сол тілде ресми іс жүргізіп, шығармашылық қызмет атқара алатын деңгейге көтеріледі.

Индустриялық қоғамның баласы мектептен постиндустриялық қоғамдағы өмір мен еңбек, ғылым мен технология туралы білім алуы керек. Өйткені, ол мектепті, содан кейін ЖОО-ны бітіріп, еңбекке араласқанда ел дамудың сол басқышына шығатын болады. Егер керісінше болса, балаға мектеп аграрлы қоғам өмірін сипаттайтын білімді ғана ұсынса, онда нәтиже де керісінше болады. Білім мазмұны мен қоғамдық практика арасындағы сәйкестіктің болмауынан, мұғалімнің бергендерін өмірлік практикада пайдалануға жарамсыздығынан, ол мектептен құр қол шығады, мектепті төмамдап үлгермей-ақ алғанының бәрін ұмытады. Ең бастысы, бала мектепте дәріс алған тілін де білмей шығады. Мұның себебін тағы сол – өркениеттердің омырылуы теориясын бетке ұстай отырып, іздеу керек. Индустриялық қоғамда өмір сүріп жатқан жас адамға аграрлы қоғам өмірінен алынған білімді ұсынуға болмайды.

Тіл философиясы шеңберінде қарастырылуға тиісті, оның тағдырына тура қатысы бар келесі мәселе – сол тілде таралатын бұқаралық ақпараттың сапасы мен оның бұқаралық санаға әсері. Бұқараға таралатын тіл контентінің сапасы қоғамда үстемдік еткен саяси режимнің сипатымен айқындалатыны белгілі. Үнемі өрлеп отыратын, ашық қоғамның демократияшыл баспасөзінің тілді жетілдіруге тура және игі ықпалы бар. Қоғамда болып жатқан құбылыстарға әділ саяси баға беретін, келеңсіздіктерді өткір әшкерелейтін, халықтың мүддесін диттейтін газетті немесе журналды көпшілік іздеп жүріп, тауып оқиды. Осыдан тілдің де демократияның жемісі екендігі көрінеді.

Демократиялық емес қоғамның баспасөзі халықты өзінен аластатады. Айналада болып жатқан нағыздықты объективті түсіндіре алмай, үрдісшіл баға, жалған және жағымпаз ақпарат бұқараны сол ақпарат басылып отырған басылымнан ғана емес, қолданылу тілінен де жиірентіреді. Көпшілік іздеп жүріп оқымайтын, өз беделімен таралмайтын басылымды салық төлеушілердің қаражатына ұстап отырып, өкімшілік шаралармен тарату – шын мәнінде, бұқараны тілден де үркіту, демек тілге де берілген соққы. Қазіргі қазақ тілді басылымдардың көбі сонысымен бұқараны қазақшадан үркітушіге айналып, өзін қоршаған дүниемен байланысын үзіп отыр. Ханс-Георг Гадамер айтқандай, «егер біз герменевтикалық тәжірибенің тілдік сипатын түсінетіндей дұрыс көзқарасқа шыққымыз келсе, онда біз тіл мен дүние арасында болатын байланыстарды зерттеуіміз керек».

Қазақ тілінің жайына алаңдаушылар мемлекеттік тілді дамытамыз десе, осы айтылған контенттің сапасына көңіл бөлуі керек. Қоғам талқылайтын, сапасы бар, қоғамды ойландыра алатын киноларымыз, жастар тұңдауға лайық өндериіміз, оқушы мектепте қызығу оқитын пән кітаптары мен әдебиеттер, әсіресе ғылыми әдебиеттер болуы керек. Жастардың қызығатын әлеуметтік тақырыптарына, оның ішінде әйел теңдігі, әлеуметтік мәселелер, заманауи ғылым жетістіктері туралы айтатын ғылыми ресурстар, барлығы қазақ тілінде сапалы әрі қызықты болуы керек. Және тіліміз стандартталуы керек. Алайда осының бәріне дем беріп, қолдау көрсететін, мемлекеттік тілдің дамуына алаңдаушы үкімет пен оны қолдаушы, қысым көрсететін заң қорғаушы заң қорғаушы баса айтқымыз келеді.

Б.ҚАНАТҚЫЗЫ,
Жетісу облысының «Тіл» оқу - әдістемелік орталығы КММ
Ақсу аудандық филиалының меңгерушісі

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 291 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 9 545 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,1 % құрайды.

291 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 235, Текелі қаласы - 11, Ақсу - 1, Алакөл - 5, Ескелді - 9, Кербұлақ - 2, Көксу - 3, Қаратал - 13, Панфилов - 10, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Қрыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етмеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Мәди ХАЙРБАЕВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі ту-

рала мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың білі» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ!

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



басқа да жүзу құралдарына жақындауға.

5. Қайықтан, кемелерден, аймақтардан суға секіруге.

6. Суда ойнау кезінде бір-бірінің қол-аяқтарынан жармасуға. Суда немесе жағалау сызығында болған уақытта ішімдік ішуден аулақ болыңыз. Алкоголь тепе-теңдік сезімін, қозғалыс үйлесімділігін және өзін-өзі бақылауды нашарлатады. Жүзе алмайтындар тереңдігі 1-2 метрден аспайтын арнайы жабдықталған жерлерде ғана шомылуға болады. «Суға шомылуға тыйым салынады!» ескерту аншлагымен жабдықталған су нысандарында шомылуға қатаң тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Тек судағы қауіпсіздік шараларын мүлтіксіз сақтау ғана қайғыға жол бермейді.

Балалардың судағы қауіпсіздігі туралы ата-аналар нені білуі керек?

Суға тамақтанғаннан кейін біржарым сағаттан соң шомылуға болады;

егер судың температурасы +16 °C төмен болса, суға түсуге болмайды, себебі судың суықтығынан аяқ-қолдың тырысуы немесе естен айырылу жағдайлары болуы мүмкін;

су температурасы +17 °C-ден +19 °C-ге дейін және ауаның температурасы +25 °C болған жағдайда, суда 10-15 минуттан артық шомылуға болмайды;

суға тек қана суға түсуге арналған қауіпсіз, арнайы жабдықталған жерлерде түсу керек.

Егер сіз жабайы табиғи жерлерде шомылуды шешсеңіз, суы таза, тереңдігі 2 м. аспайтын, судың түбі қиыршық тасты немесе құмды жерді және ағысы жай 0,5 м/с жоғары емес орынды таңдағаныңыз жөн (тексеру үшін суға жаңқа немесе таяқ тастаңыз).

Әрқашан су түбін тексеру қажет және шомылып жатқан балаларды қадағалаңыз. Балалар су жағасында шомылулары қажет. Ешқашан шалшық суға түспеңіз;

Егер Сіз мас күйде болсаңыз, балаларды суға жібермеңіз, олар қараусыз қалып қойған жағдайда, қайғылы жағдайға ұшырауы мүмкін.

Б.ЕЛТАЕВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Аудан тұрғындарының назарына!



Жаз уақытында құрғақ және ыстық ауа райына байланысты өрттің болуы қауіптілігі неғұрлым жоғарылайды.

Өткен жылға талдау жұмыстары қорытындысы көрсеткендей, жаз кезеңінде өрт қауіптілігі орын алу маусымында, құрғақшылық маусым болса, өрттердің болуы қатері өседі. Қатерлерді орманды, дала алқаптарда өрттердің себептері әртүрлі: демалыс орынында қараусыз жағылған қалдырып кету от шоғы, сөндірмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, тез жанғыш заттарды және қоқысты қалдырып кету себептерінен туындайды.

Табиғатта өрттің себепкері болмас үшін жас ағаштың қылқан жапырақтарының, бүлінген орман учаскелерінің, шымтезекті батпақтың маңында, құрап қалған шөп орнында, ағаштардың астында отты жақпау керек. Отты тек қана арнайы белгіленген орындарда жағып, орманнан, дала алқабынан, демалыс орындарынан кеткен кезде от ты толық сөндіріп, топырақпен көміп немесе үстінен су құйып, жанғыш заттарды, қоқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керек.

Құрметті аудан тұрғындары! Жоғарыда аталып өткен кез-келген себеп өрттің болу қаупіне себеп болатынын ескере келе қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамай, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар.

Орман және дала алқаптарында кез келген алқаптың немесе орманның жануын байқаған кезде оны сөндіруге кірісу қажет, егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, өрт шыққан учаскеге қарасты ауылдық округке, ауданның өрт сөндіру мекемесіне және полицияға хабарлау керек.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕ:

БЕЛГІЛЕНГЕН ЖЕРДЕН ӘРІ ҚАРАЙ ЖҮЗІП КЕТПЕҢІЗ;

ШОМЫЛЫП ЖҮРГЕН БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ;

СУ ҚОЙМАЛАРДЫҢ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТҮСЫНА ТҮСПЕҢІЗ;

ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕ ТАҚТАЙЛАРДЫ, ШАРЛАРДЫ, КАМЕРАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ;

ЖҮЗІП БАРА ЖАТҚАН СУ КӨЛІКТЕРІНЕ ЖАҚЫНДАМАҢЫЗ;

СУҒА ТҮСУ КЕЗІНДЕ БУЗАҚЫЛЫҚ ЖАСАМАҢЫЗ;

СУҒА КӨПІРДЕН, БӨГЕТТЕН, ЖАҒАДАҒЫ АЙЛАҚТАН СЕКІРМЕҢІЗ;

ЖАЛҒАН СИГНАЛ БЕРМЕҢІЗ. АЙНАЛАҢЫЗДАҒЫ АДАМДАРДЫ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЕН ШОШЫТпаңыз;

ТЕРЕҢДІГІН БІЛМЕЙТІН ЖЕРЛЕРГЕ СУҢГІМЕҢІЗ.

Baribar

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары

Әр жылы 1 маусым суға шомылудың науқаны басталатыны бәрімізге мәлім.

Осыған орай, су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен дария жағалауына жібермеу қажет екенін ескертеміз!

Алайда, тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемейді. Судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орындарда шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет.

Өкінішке орай, бұл науқан басталғанына көп уақыт болмаса да, елімізде суға бату қайғылы оқиғалары тіркеліп жатыр. Әсіресе, қазіргі кезде мектеп бітірушілер су бойында шараларды өткізіп, ешқандай сақтық шараларын сақтамауда.

Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды, балаларыңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн?

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар;
- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;
- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;
- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;
- Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз;
- Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз;
- Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Болат ТЕКТІБАЕВ,
Ақсу ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру және аумақтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

Егін жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері

А у л ш а р у а ш ы л ы ғ ы дақылдарын жинаудың басталуымен өрт қауіпі артады!

Өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтаңыз:

- масақ дақылдары пісіп жетілгенге дейін орман алқаптарына, дала белдеулеріне және автомобиль және теміржол жолдарына іргелес жерлерде кемінде 4 метр жолақпен шабылуы және жыртылуы тиіс;
- жинау агрегаттары мен автомобильдері жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және реттелген қуат, тұтану және майлау жүйелері болуы тиіс;
- астық ағыны ғимараттардан, құрылыстардан және құрылыстардан 50 метрден жақын емес, ал астық алқаптарынан - 100 метр қашықтықта орналасуы керек;
- уақытша дала стандартын астық алқаптарынан, тоқтардан және т.б. 100 метрден жақын емес орналастыру қажет;
- жинау кезінде астық алқаптарының аумағы 25 гектар тұрақты дайындықта болуы тиіс;



тиіс, трактор соқамен жыртыу үшін учаске жану және өрт пайда болған жағдайда;

- балалардың отпен ойнауына және еркектеріне жол бермеңіз.

Қ Ұ Р М Е Т Т І АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕР!

Есіңізде болсын! Өрт қауіпсіздігі ережелерін мүлтіксіз сақтау өсірілген егінді

өрттен сақтауға мүмкіндік береді!

Өрт ошағы анықталған жағдайда дереу өрт күзетіне "101" немесе "112" телефондары бойынша қоңырау шалыңыз.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

ЖАҚСЫ АДАМ - АЛЛАНЫҢ НҰРЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Құрмет Грамотасымен» наградталды.

Гүлбаршын апайымыз 18 шілдеде тірі болғанда 77 жасқа толар еді. Амал қанша? Халқымыз аруақ еске алған сайын бір аунайды деседі, ағайын-туыс, ұрпақтары мен әріптес-қызметтестері еске алып жатқан жақсы апайымыздың нұрын Құдайым о дүниелік мәңгілік рахатта болатын қайғысыз, қамсыз әлем жәннәттың төрінде шалқуды нәсіп етсін!

Гүлбаршын Сүлейменқызының ұстаздық алдындағы адал еңбегі ешқашан өшпей, жас ұрпаққа үлгі – өнеге болмақ. Білікті ұстаз Гүлбаршын Сүлейменқызының еңбек еткен жерінің барлығында да өзін нағыз кәсіби маман ретінде көрсете білді. Жұмыста аудармашылықпен айналысып, ессе жазды, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласты. Оның мірдің оғындай өткір сөздері, өзіне тән орынды әзілдері ұстаздық қауым жиылыстарын қызу да қызықты өткізуге себін тигізетін. Жақсы адам – Алланың нұры. Жарық Жалғаннан Мәңгілік Бақиға аттанды. Артында ұлы – Ғалым, қызы Ләйлә, кенже ұлы – Сырым, немерелері – Айна, Бауыржан, Біржан, Шұғыла, шөбересі – Аяя, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, достары мен әріптестері қалды. Гүлбаршын апай немерелері Біржан мен Шұғыланың мектеп бітіргендерін және шөбересі Айяның 1 жасқа толғанын, қызы Ләйләның 50 жасқа толған қуанышты күндерін көре алмай кетті. Бұл Өмірге өшпестей із тастады. Жатқан жеріңіз жайлы да жарық болсын. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннаттан орын алсын. Бақұл бол, ұстаз – апай!

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

"БАЛАУСА" жазғы тынығу алаңында



Жайрандаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Біздің Н.Есеболатов ауылында Н.Есеболатов мектебінде маусым айында ашылған «Балауса» жазғы тынығу алаңының 3 кезеңі шілде айының 3 мен 14 аралығында өтті. Бұл кезеңге мектебіміздің 2 – 3 сынып оқушылары келіп, уақыттарын көңілді өткізді. Лагерьге келген оқушылармен күнделікті жоспарға сай түрлі іс – шаралар жүргізілді.

«Бала күлкіге тоймас», - дегендей балалар көңілді демалып, жанын әнге, сылдыр күлкіге тойдырып, әртүрлі іс - шаралар мен спорттық ойындар өткізді. Лагерь демалушыларына әртүрлі ойын-дәур ойынатылып, көптеген жарыстар, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары ұйымдастырылып тұрды. Бір мезгіл балдырғандар сурет салып, тақпақ жаттап, өн салады. Күн сайын жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, сайыстар өтеді.

Лагерьде балалар музыкалық, спорттық, шығармашылық сайыстарға да белсене қатысты. Қайсы баланы сөзге тартса да жаз мезгілін жыл сайын асыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы көп дос табатынын, түрлі іс - шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып, мәз - мейрам болысады. Осылайша әр күні мәнді де сәнді өткен «Балауса» жазғы тынығу лагері оқушылардың көңілінен шықты.

Г.СЕЙСЕКЕНОВА,
Н.Есеболатов атындағы орта мектебі,
мектепке дейінгі шағын орталығымен
бастауыш сынып мұғалімі.

● Считать не действительным служебное удостоверение на имя Абуталип Данияр Маулембайұлы АЛ №23458, D 020115 действительно по 15.06.2023 г котрый был утерен 01.07.2023 года.

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығы негізінде;

Жеке және заңды тұлғалар: Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

Жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені туралы хабарлауға міндетті.

Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, ветеринариялық паспортты сатып алуға арналған шығыстар республикалық бюджет есебінен жүргізіледі, яғни бірдейлендіру жұмыстарына мал егесі ешқандай ақша төлемейді.

Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес жеке тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру ауыл шаруашылығы жануарларының иелері берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Ауылшаруашылығы жануарларының

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДАРДЫ БІРДЕЙЛЕНДІРУ ҚАЖЕТТІ ШАРА



төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі:

- бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- құлындар – төрт айлық жасынан бастап;

- асыл тұқымды торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және жұртшылық

шаруашылықтарында күтіліп-бағылатын торайлар – үш айлық жасынан бастап;

- ауылшаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіліп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін бордақылауға арналған торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында,

шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіліп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар – тоғыз айлық жасқа толған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін.

Ірі жануарлардың аспалы сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген кезде (ауылшаруашылығы жануарының жеке нөмірін анықтау мүмкін болмаған жағдайда) ауылшаруашылығы жануарының иесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына аспалы сырғаның түпнұсқасын беру туралы өтініш бере отырып жүгінеді.

Ауылшаруашылығы жануарларын белгіленген орындардан (мал базарларынан) сатып алу керек. Сатып алынған малдың құжатын №1 үлгідегі ветеринариялық анықтама, вет.паспорт, АШЖБ дерекқорынан үзінді көшірмесін мал егесінен талап етуге құқыңыз бар. Базардан тыс жерден (көрші, таныс т.б.) сатып алынған малдар, ветеринариялық құжат негізінде мал алушы өз атына тіркеуге міндетті.

Сондықтан аудан тұрғындары! Ветеринария саласындағы Заңнама негізінде барлық бірдейлендіруге жататын малдарыңызды уақтылы бірдейлендіруден өткізу қажетті шара екенін айта отырып, ауданның ветеринариялық қызметіне жәрдем көрсету қажеттігін ескертеміз.

И.ОҢАЛБЕКОВА,
мемлекеттік ветеринариялық
санитариялық инспекторы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күзлік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 1820

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.
Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.